

2. Дмитриева Н.А. Изображение и слово. М., 1962. С.7.
3. Каган М.С. Морфология искусства. М., 1972.
4. Косоурова Т. — Орнаментальная графика Жана Берена и ее влияние на французское прикладное искусство XVII – начала XVIII века. // Западноевропейская графика XV–XX вв '1985 (Ленинград, «Искусство»)
5. Моран А. де — История декоративно-прикладного искусства '1982 (Москва)
6. Николаева Н. С. — Япония—Европа. Диалог в искусстве '1996 (Москва, «Изобразительное искусство»)

УДК 378.2

*Абдрасилова В.О., С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті,*

*Меирбекова Ж.М., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

### БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

*Одна из основных целей современного казахстанского образования – развитие коммуниктивной компетентности будущих специалистов. Она включает когнитивную, организационную и психологическую составляющие. Ее формирование составляет одну из важнейших задач подготовки будущего врача, служит залогом его личностного и профессионального развития.*

*One of the main goals of modern Kazakhstan education is the development of communicative competence of future specialists. It consists of cognitive, organizational and psychological parts. Formation of these qualities is one of the main problems of training future doctors, the pledge of their personal and professional growth.*

XXI ғасыр – қоғамдағы еңбектің сипаты мен мақсатын түбегейлі өзгертетін экономикалық түрлендірулер мен нарықтық қатынастар ғасыры. Еңбек қарқындылығы, қауырттылығы, кәсіби талаптар, жауаптылық артуда. Қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі өзгерістер білім беру саласына жаңа бағдар ұсынады.

Елімізді жаңашылдандыру білім беруді жаңашылдандырусыз, оның ішінде педагогикалық, оның мазмұндық және құрылымдық жаңаруынсыз мүмкін емес. Өзінің кәсібін жетік меңгерген, барлық уақытта кәсіби деңгейін көтеруге дайын жоғары білікті маманды дайындау кәсіби педагогикалық білім берудің негізгі мақсаты болуы қажет. Заманауи маман өзінің пайымдау дербестігімен, бастамашылдығымен, әртүрлі әлеуметтік орталарда өзінің қарым-қатынасын белсенді және шығармашылықпен құра алу қабілетімен ерекшеленуі қажет.

Заманауи қазақстандық білім берудің жеке тұлғаға бағдарлануы мамандарды дайындауда адами, гуманитарлық фактордың басымдылығына негізделген. Болашақ маманды кәсіби дайындау көрсеткіштері жаңа мазмұнмен толығуда: жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының білім беру қызметінің негізгі нәтижесі болып бітірушілердің білім жүйесі, ептілігі мен машығы ғана емес, сонымен қатар зиялы, коммуникациялық, ақпараттық және басқа орталарда базалық құзыреттілікке ие болу қажет. Дегенмен, білімдік парадигманы құзыреттілікке алмастыру қиындығы кәсіби педагогикалық білім беруде қалыптасқан педагогикалық қызмет саласымен байланысты, болашақ маман бойында кең және жан-жақты білімділікті қалыптастыру мәселесінің басымдылығымен түсіндіріледі [1-3].

Құзыреттілік – нақты, өмірлік іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеттілігі және қызметке араласа бастаған сәтінен бастап жеке тұлғаның квалификациялық сипаты;

себебі әрбір іс-әрекеттің екі аспектісі бар: ресурстік және нәтижелік, мұнда нақты компетенттіліктің дамуы ресурстың нәтижеге айналуын анықтайды.

Құзыреттілік – ісін біле отырып мәселені шешуге дайындық әлеуеті; құрамы мазмұндық (білім) және процессуалдық (біліктілік) компоненттерден тұрады және мәселенің мәнісін түсіну және оны шеше алу; үнемі білімін жаңарту, нақты жағдайларда осы білімін табысты қолдану үшін жаңа ақпараттарды игеру.

Әлемдік білім беру практикасында құзыреттілік түсінігі негізгі, өз кезегінде «түйінді» түсінік болып табылады, себебі жеке тұлға құзыреттілігі: біріншіден, білім берудің интеллектуалды және практикалық құраушыларын біріктіреді; екіншіден, компетенттілік түсінігіне «нәтиже бойынша» қалыптасатын білім беру мазмұнын түсіндіру идеологиясы негізін салады («нәтижелік стандарт»), үшіншіден, жеке тұлға компетенттілігі интегралдық табиғатқа ие, себебі ол ақпараттық, құқықтық және т.б. салаларда біртекті және ұқсас білім мен тәжірибені жинақтайды. Жеке тұлға құзыреттілігі адамның күнделікті, кәсіби және әлеуметтік өмірде әртүрлі мәселелерді шешу қабілеттілігіне байланысты құраушылардан тұратын анық құрылымға ие. Жеке тұлғаның белгілі бір құзыреттілік деңгейіне жету үрдісінде қалыптасатын білім мен практикалық тәжірибедегі құзыреттілік құраушылары: өз бетінше білім іздеу, критикалық ойлау, өз бетінше жұмыс жасау, өзін ұйымдастыру және өзін бақылау, топта жұмыс істеу, нәтижені болжай алу және шешімнің түрлі нұсқаларындағы мүмкін болатын салдарды анықтау, себеп-салдар байланысын анықтау, мәселелерді анықтап, тұжырымдап және шешу.

Адам қызметінде жетістікке жетуді қамтамасыз етуде құзыреттіліктің басты рөлін мойындау соңғы онжылдықта аталған мәселеге педагогика ғылымының қызығушылығы түсіндіреді. «Құзыреттілік» ұғымы «білім» немесе «біліктілік» ұғымдарынан да кең [4]. Ол когнитивті, ұйымдастырушылық және психологиялық құраушыларды біріктіреді. Коммуникативті құзыреттіліктің қалыптасуы мен даму үрдісінде олардың пайда болуы, білім жасалынатын іс-әрекеттің негізі болып табылатындығын, ал рефлексияға, эмпатияға және т.б. қабілеттілік ойланып жасалатын іс-қимылдың міндетті шарты болатындығын көрсетеді.

Коммуникативтік түрлі бірлескен қызметтер үшін адамдарды біріктірудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Студенттер тобымен және жеке студентпен жұмыс істегенде эффективті педагогикалық қарым-қатынас жасау және білім беру мақсатын толық жүзеге асыру үшін оқытушының бойында құндылықты бағдарлаудың, адамгершіліктік көзқарас пен пейілдің, білімнің, біліктіліктің, кәсіби этиканың интегралды байланысын көрсететін дамыған коммуникативтік қадір-қасиеті болуы қажет. Жұмысын жаңадан бастаған мамандарға коммуникативтік құзыреттілік еңбек нарығында, жеке тұлғалық және қоғамдық қатынастарда өзін дұрыс көрсете алу үшін өте қажет, ал ол өз кезегінде зерттеудің өзектілігі пен маңыздылығын баса көрсетеді.

Дегенмен нақты практикалық сараптамалар көрсеткендей, орта арнайы оқу орындары студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту әлі де болса голығымен шешімін таппаған. Орта педагогикалық білім беру негізінде педагогикалық құндылықтарды, қағидалар мен дәстүрлерді, қабылдауға дайын білім беруді трансляцияға бағдарланады. Қалыптасқан осы жағдайда жұмысын жаңадан бастаған мамандар коммуникативтік қызметінде қиындықтарға тап болады, қажетті эффективтілікке қол жеткізе алмауда. Болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігі өздігінен дамымайтындығынан, басқа да кәсіби білім беру мәселелерін

шешу барысында арнайы педагогикалық шарттарды ескере отырып студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың тұтас үрдісін қамтамасыз ету қажет.

XXI ғасырдың басында қазақстандық білім берудің дамуы «модернизация» ұғымымен байланысты, оның астарында ертеңгі күннің талабына сай білім беру жағдайына жету жатыр. Еңбек нарығында бәсекелесуге қабылетті, өзінің мамандығын жетік меңгерген, мамандығы бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде эффективті жұмысқа қабылетті, үнемі кәсіби өсуге және кәсіби икемділікке дайын жоғары білікті маман дайындау кәсіби педагогикалық білім берудің негізгі мақсаты болуы тиіс.

Коммуникативтік құзыреттілік – медициналық бағыттағы мамандардың кәсіби құзыреттілігінің базалық сипаттамаларының бірі. Оны қалыптастыру болашақ дәрігерді дайындаудағы маңызды мәселелердің бірі, оның тұлғалық және кәсіби өсуінің кепілі. Бұл жеке тұлғаның айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау қабылеті. Оның құрамына

- әлеуметтік жағдайларға бейімделуі;
- басқа адамдардың жеке ерекшеліктері мен эмоциялық жағдайларын дұрыс анықтай алуы;

-өсер студің адекватты тәсілдерін таңдау және оны жүзеге асыру. Ол бейімделу мен ауызша және ауызша емес тәсілдермен қатынас жасауды болжайтын категория ретінде қарастырылады.

Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі емделушімен және оның туыстарымен нәтижелі қарым-қатынас жасау, жанжалды жағдайларды болдырмау, сындарлы қарым-қатынас құру. Қарым-қатынас жасау мәдениетінде жеке тұлғаның психологиялық қадір-қасиеті болып табылатын негізгі элемент– эмпатия, ол аяушылық және жанашырлық қабылетке дайын болу.

«Адам – адам» саласындағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін жеке тұлға ретінде өсу тренингтерін, қатысушылардың болашақ қызметінде орын алуы мүмкін нақты жағдайларға келтіріп, жасаған іс-әрекетіне талдау жасайтын рөлдік және іскерлік ойындар, қатысушылар пікірталас жүргізу мәнерін үйреніп, өзінің көзқарасын қорғау тәжірибесін алатын домалақ үстелер мен көпшілік алдында сөйлеу тренингтерін өткізу қажет [5].

Оқыту үрдісінде болашақ дәрігердің эффективті қарым-қатынас жасау қабылеттілігін дамыту жауапкершілігі өздерінің күш-жігерін студенттердің бойында эмпатияға, конгруэнттілікке – шынайы, сенімді, ашық қарым-қатынас пен мінез-құлыққа; толеранттық қарым-қатынасқа, сындарлыққа – даулы жағдайларды болдырмау немесе рационалды шешім табу қабылеттілігіне; келісімге келу машықтарын – «командамен» жұмыс істеу, басқа адамдармен олардың құқығы мен қызығушылықтарына нұқсан келтірмей қарым-қатынас жасауға бағыттайтын, жаратылыстану және клиникалық бағдарлау пәндерін оқытатын кафедралардың педагогтық құрамына жүктеледі. Білім алушының аталған психологиялық қадір-қасиетінің даму деңгейінің көтерілу критерийі ретінде өз бетінше шешім қабылдау қабылетін және оның салдарына жауапкершілікті ұғыну, сол сияқты рефлексияны – жасалған іс-әрекетті талдау, тұлғалық дамуда өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруды қабылдауға болады.

Болашақ дәрігер ретінде «Жалпы медицина» мамандығының 1-курс студенттерімен «дәрігер – емделуші» рөлдік ойын-сабақтары жүргізілді. Бірнеше сабақтан соң-ақ студенттердің медициналық құрылғылар мен емделушілердің алдындағы қобалжу және өзіне деген сенімсіздігінен арылғандары байқалды. Осындай сабақтардың тиімділігін анықтау мақсатымен студенттер арасында жүргізілген

сауалнама нәтижесі бойынша 95% сұралғандар осындай сабақтардың өздеріне пайдасы тигенін көрсетті.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бим И.Л. Обязательный минимум содержания основных образовательных программ / Л.М. Бим. М., 1999.
2. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании / Авторская версия / И.А. Зимняя. М.: Московский исследовательский центр подготовки специалистов. 2004.
3. Корнетов Г.Б. История педагогики: теоретическое введение: учеб. пособие / -М.: АСОУ, 2013.- 172с. (Сер. «Историко-педагогическое знание». Вып. 60).
4. Социальная работа: Введение в профессиональную деятельность. / Отв. ред. А.А. Козлов – М., 2005. – С.214.
5. Нестеров В.В., Белкин А.С. Педагогическая компетентность: Учебн. пособие. – Екатеринбург: Центр «Учебная книга», 2003. -188 с.

*Амангелдіқызы Т., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің студенті  
Жупархан Б., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің аға оқытушысы, магистр*

**ӘӘЖ 528.(045)**

**КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ГЕНЕРАЛИЗАЦИЯ ЖӘНЕ  
КАРТАДА НЫСАНДАРДЫ БЕЙНЕЛЕУ**

*В данной работе рассматривается использование картографическая генерализация и на линейные объекты. Также даны рекомендации по проведению таких работ и обработке результатов.*

*In the given work use of kartographi generalis on linear objects is considered. Also recommendations about carrying out of such works and processing of results are made.*

Карта және онда бейнеленетін объектілер мен құбылыстар ең алдымен геометриялық дәлдікке ие болуы керек, яғни кез келген объект картада нақтылы орнында мөлшері және басқа объектілермен ара-қатынасы өзгерместен кішірейтілген түрінде көрсетілуі керек. Картаның мұнан кейінгі маңызды қасиеті — оның географиялық сәйкестілігі. Ол картада бейнеленетін жер бетінің географиялық ерекшеліктерін, оның басты белгілерін және объектілердің өзара байланысын (мысалға, өзен торы, жолдар, елді мекендер арасындағы байланыстарды) дұрыс бейнелейтін объектілер мен құбылыстарды көрсетуден байқалады. Ұсақ масштабты карталарда көдімгі географиялық объектілер мен құбылыстарды мұқият іріктеп, үйлестіруге тура келеді. Бұл айтылғандардың әсіресе оқу карталарына қатысы бар. Ұсақ масштабты карталарда территория өте кішірейтілген түрде бейнеленетіндігі мәлім. Мәселен «Батыс Сібір жазығы» картасындағы 1 см<sup>2</sup> жер бетіндегі 15 мың км<sup>2</sup>-ден астам жерге сәйкес келеді, ал СССР-дің физикалық картасында (масштабы 1:25 000 000;) одан да үлкен территорияны —62,5 мың км<sup>2</sup> жерді бейнелейді. Осы айтылған орасан зор территорияларда орналасқан барлық объектілерді картаның шағын ауданында көрсетуге болмайтындығы түсінікті. Сондықтан объектілерді іріктеу, олардың ішіндегі ең бастылары мен сипаттыларын таңдап алу міндеті туады. Картада бейнелеу үшін басты нәрселерді іріктеп, жинақтап және бөліп алуды картографиялық генерализация (латынның «генералис» — жалпы деген сөзінен шыққан) дейді. Ол әрқашан картаның масштабы мен міндетін ескере отырып жүргізіледі. Генерализация картаны жер бетінің осы масштабтағы маңыздылығын арттыра отырып, оның басты географиялық